

29 маусым,
Сейсенбі,
2021 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Ойыл

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

ОЙЫЛДЫҢ ШАҒЫН АУЫЛДАРЫНА СУ ТАРТЫЛЫП, АУЫЛШІЛІК КӨШЕЛЕР ЖӨНДЕЛУДЕ



Ойыл ауданында шағын ауыл тұрғындарын ауыз сумен жабдықтау, ауылдардың жолдарын жөндеу, бұқаралық спортты дамыту, жалдамалы-коммуналдық тұрғын үй салу жұмыстары қарқын алған. Жуырда «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» атты «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын орындаудың Жол картасы бойынша атқарылған жұмыстарды облыстық мәслихат депутаттары, «Nur Otan» фракциясы жетекшісі мен мүшелері бақылап кетті. Жол картасы бойынша 5 жылда 18,6 мың адамды немесе 100 пайыз

аудан тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету кезең-кезеңмен жоспарланған. Соның ішінде былтыр ауыз су Қаракемер, Ақшатау, Көсембай, Ақкемер, ауылдарына жеткізілсе, алда Бестамақ ауылы тұр. Депутаттар бақылау жұмыстарын Бестамақ ауылынан бастады. Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Таңат Нұрымгереевтың айтуынша, Бестамақ ауылының ауыз суы іске қосылған жағдайда 68 пайыз елді мекен орталықтандырылған ауыз сумен қамтыл-

мақ (халық саны бойынша 91 пайыз). Бестамақ елді мекеніне республикалық және облыстық бюджеттен 240 млн. теңге қаржы бөлініп, жеңімпаз мердігер - «Монолит» ЖШС маусым айында бастап жұмысын бастады. Құрылыс жұмыстарын қараша айында аяқтау жоспарлануда. - Ауданымызда қазір 22 елді мекен бар. «Жол картасы» негізінде 200 тұрғынға жетпейтін елді мекендерді модульдік кешенді ауызсумен қамту жоспарланды. Соның негізінде жергілікті бюджеттен 75 млн. теңге бөлініп, қазіргі таңда 5 елді мекенге күзге дейін

ауыз суы жеткізіледі. Ал Қарасу мен Шұбарши халқы 200-ден асатын болғандықтан орталықтандырылған ауыз су тарту жоспарлануда. Быыл жобалық-сметалық құжаттары жасақталып, сараптамадан өткізілген соң 2022 жылға бюджеттік өтінім тапсырылады, - деді бөлім басшысы. Содан соң фракция мүшелері Ойыл ауылының бірнеше көшелеріне, аудан орталығынан Қараой бағытына және Ойылдан Атырау облысы, Қызылқоға ауданының шекарасына дейінгі жолдарға жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарымен танысты.

«ЕКПЕ АЛ ДА, АВТОКӨЛІК ҰТЫП АЛ!»

Ақтөбе облысында 25 маусымда осындай атаумен науқан басталды. Науқан екі кезеңмен өтеді: 25 маусымнан 10 тамызға дейін және 11 тамыздан 25 қыркүйекке дейін. Оған 25 маусым мен 25 қыркүйек аралығында Ақтөбе облысының аумағында коронавирус індетіне қарсы кез келген екеннің бірінші компонентін алған тұлғалардың барлығы қатыса алады. Жеңімпаздар «АҚТӨБЕ» телеарнасының тікелей эфирінде кездейсоқ тәртіпте анықталады. Әр кезеңнің басты жүлдесі - 2021 жылы шыққан Chevrolet Cobalt маркалы автокөлік. Сондай-ақ, смартфондар, планшеттер, спорттық велосипедтер, робот шаңсорғыштар мен? смарт сағаттар сияқты аралық жүлделер де ойнатылатын болады. Науқан демеушілердің қаражатына өткізілуде? Науқанның толық ережелерімен aktoobe.gov.kz. сайтында танысуға болады.

РОЗЫГРЫШ
ПОЛУЧИ ВАКЦИНУ
и Выиграй
АВТОМОБИЛЬ» 2 Chevrolet Cobalt 2021 года

с 25 июня по 25 СЕНТЯБРЯ 2021 ГОДА

24 SAMSUNG Galaxy A51
24 Планшета HUAWEI MatePad T10s
24 Велосипеда PHOENIX TORNADO PLUS 21SP
12 Робот-пылесосов XIAOMI ROBOROCK E4
12 Смарт часов HUAWEI WATCH GT 2

*Примечание: Все призы акции, в том числе автомобиль будут закуплены за счет спонсорских средств

ПОЛУЧИ ВАКЦИНУ - ВЫИГРАЙ АВТОМОБИЛЬ!».

Акция под таким названием стартует в Актюбинской области 25 июня. Она будет проводиться в 2 этапа: с 25 июня по 10 августа и с 11 августа по 25 сентября. Участие в акции смогут принять все лица, получившие I компонент любой вакцины против коронавируса с 25 июня по 25 сентября на территории Актюбинской области. Победители будут определены в случайном порядке в прямом эфире телеканала «АҚТӨБЕ». В каждом из этапов главным призом станет новый автомобиль марки Chevrolet Cobalt. Также будут разыгрываться промежуточные призы: смартфоны, планшеты, спортивные велосипеды, робот-пылесосы и смарт часы. Акция проводится за счет привлечения спонсорских средств. С полными Правилами проведения акции можно ознакомиться на сайте aktoobe.gov.kz.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ МАЙТАЛМАНДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ



Өткен аптада Қазақстанда сегізінші рет Мемлекеттік қызметші күні аталып өтті. Бұл атаулы күннің тарихы Біріккен Ұлттар Ұйымынан бастау алады. 2002 жылдың 20 желтоқсанында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 23 маусымды БҰҰ-ның мемлекеттік қызметшісі күні деп жариялау қарарын қабылдап, оған мүше ер мемлекетті де осыған байланысты бір күнді белгілеуге шақырды. Соған сәйкес, 2013 жылдың 20 желтоқсанында

Қазақстан Республикасы Президентінің №716 Қаулысымен 23 маусым - Мемлекеттік қызметші күні болып бекітілді. Сонымен қатар, одан бұрын 23 маусым полиция қызметкерлерінің күні еді. Сондықтан, бүгін аудандық мәдениет үйінде екі көсімі мерекеге орай салтанатты жиын өтті. Мемлекеттік қызметшілер мен полиция қызметкерлерін алдымен аудан әкімі Асқар Қазыбаев құттықтады. Бір топ қызметкерге мерекелік

сыйлық пен алғыс хат ұсынды. Аудандық полиция бөлімінің бастығы Серік Берекенов те өз тарапынан бірнеше қызметкерді марапаттады. Санитарлық талаптар сақтала отырып өткізілген шарада ардагер қызметкерлер бүгінгі сапта жүрген жүрген ізбасарларына ізгі лебіздерін білдірсе, аудандық мәдениет үйінің өңшілері өн шашуларын жолдады. Салтанатты шара соңында кеше ғана аяқталған аудан өкімі кубогы үшін өткен жарыста

жеңімпаз атанған аудандық полиция бөлімінің командасын марапаттады. Бүгінгі таңда елімізде 98 мыңға жуық мемлекеттік қызметші табысты еңбек етіп жүр. Экономикалық ынталандыру және даму ұйымы сарапшыларының бағалауы бойынша, Қазақстанның мемлекеттік қызмет жүйесі жаһандық стандарттарға сай келеді, ал мемлекеттік аппараттың «қартаюы» және гендерлік теңсіздік қорсеткіштері жөнінен ілгерілеушілік байқалады.



ДОСҚА ЖАУАП

(Еркін, тағы кімдер алды...? Не алармызды, не алмасамызды білмей абдырап қалдық қой... Қайтесек екені?)
Рухани досым Жанна, вакцина алу керек! Соқыр сенімге сеніп жүре берсек адамзат сонда құриды. Неге біз бір жақты ойлаймыз? Неге дақыртқа сенгішіміз? Неге ойымыз тек жамандыққа ойыса береді? Бұл дегеніміз сан түрлі өлеуметтік желідегі ақпарат толқынының құлақтесті құлы болдық деген сөз! Адамдар сол ақпараттар легін ақыл таразысына салып, салмақтай алмайтын жағдайға келді. Салмақтап үлгерме алмай жатыр... Тұрасын айтқанда үлгерпей жатыр! Ана біреуі қарына магнит жапсырып желіні шулатып еді... Ақшамқты! Әй, ол магнит жабысу үшін терінің астында холодильниктің есігі болу керек қой!
Енді мынаны бажайлап қарашы! Мүмкін белгілі бір топтың мүддесінде сол вакцинаны алдырмай, адамзатты құрту саясаты тұрған болса ше?! Ол жағын ойлап көрдің бе?
Сондықтан, тек жақсылыққа үміт артайық!
Мен өз еркіммен алдым. Мен алған соң, «Сен алсаң, мен де аламын» - деп өйелім алды. Екеуіміз алған соң жұмыстағы үлкен ұлымыз «Әке- шешемнен қалам ба?» - деп ол алды. Енді «18 жасқа толғасын мен де аламын» - деп қызым жүр. Оған шейін бұл індет те жойылар! Ләйім солай болмай!

Еркін ЖИЕНАЛИН,
Ойыл селосы.

ВАКЦИНА - ҚОРҒАНЫС КЕПІЛІ

Ауданымызда коронавирус инфекциясы көктем айларында өте ауқымды қарқынмен тіркелді. Пандемия басталғалы өлем ғалымдары ұжымдық иммунитетті қалыптастыру керек екенін айтып келеді. Өйткені, халықтың басым бөлігі егде алып, қазіргідей тез таралмайды. Сондықтан инфекцияның алдын алуда ұжымдық иммунитетті қалыптастыруымыз қажет, ол үшін аудан тұрғындарының көп бөлігі вакцинациялануы тиіс. Мен дәрігер маман ретінде аурудың бірден-бір алдын алу жолы – вакцина алу екенін білемін. Сондықтан жасым сексенге таяғанынан қарамастан вакцинананы екі кезеңнен де алып, отбасымыз қорғаудың алғышарттарын жасадым. Жасымыз келгесін біздің иммунитетіміз өлсіз. Кез-келген ауруды қабылдап қалуы мүмкін.

Қазақ даласын қынадай қыран вирусты гепатит, дифтерия, сіреспе, көкжөтел, сал және қызылша сияқты көптеген жұқпалы аурулардан вакциналар арқылы арылдық. Бұл вакциналар жыл сайын миллиондаған адамның өмірін дерттен сақтайды. Егер вакцина алсақ, біз өзімізді ғана емес, айналасымыздағы адамдарды да жұқпалы аурулардан қорғаймыз. Кейбір адамдарға, мысалы, жүкті әйелдер, емізуде баласы бар аналарға, 18 жасқа толмағандар, ауыр науқастарға белгілі бір вакцина алуға болмайды, сондықтан олар инфекция жұқтырып алмау үшін басқа адамдардың вакциналануына тәуелді. Иммунодаудан кейін дене қызуының қысқа мерзімді жоғарылауы, вакцина орнында қызару мен ісіну сияқты жағымсыз көріністердің пайда болуы мүмкін. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мамандары бірінші вакцинация мен екінші вакцинацияға дейін адамдармен байланысты азайту және барлық алдын алу шараларын сақтау қажет екенін еске салады. Иммунитет біртіндеп дамиды, сондықтан осы кезеңдер арасында адам осал болады. Әрбір адам сауатты болып, вакцинанан адам ағзасына өте пайдалы екендігін түсінуі тиіс. Вакцина алған адамдарда сырттан болған факторларға қарсы күресу қабілетіне иммунитеті жоғары болады. Осыны әрбір адам естен шығармауы керек. Сондықтан да өзімізді және жақындарымызды коронавирустық инфекциядан қорғау үшін аудандық өркі көмектесті толық тұрғын вакцина алуға шақырамын. Вакцинация – вакцинаға бағынатын инфекцияға қарсы күресте тиімді, үнемді және қолжетімді жалғыз жол.

Аманғос ҚИСЫҚОВ,
Еңбек ардагері, Ойыл селосының тұрғыны.

ЖЫЛ АЯҚТАЛДЫ. ЖЕМІСІ ЕРТЕҢНІҢ ЕНШІСІНДЕ

Ойыл ауданы бойынша 2020-2021 оқу жылы қатан карантин талаптарын сақтай отырып білім берумен аяқталды. Ауданымыздың 20 мектебі дәстүрлі форматта, Ойыл селосындағы орта мектептер аралас форматта білім алды. Оқу жылы барысында білім беру ұйымдары санитарлық-гигиеналық құралдармен толық қамтамасыз етілді. Ойыл ауданы бойынша 2020-2021 оқу жылын 3389 оқушы тәмамдады. Жыл қорытындысымен 11 сыныпты 39 оқушы «Алтын белгі» белгісімен, 9 оқушы «Үздік аттестат» иегері болса, негізгі орта білім беру бойынша 9 сыныпты 52 оқушы «Үздік аттестатпен» аяқтады. Жалпы аудан бойынша екпінді оқушы саны-929, озат оқушы саны-827. Білім сапасы 58,6%.

мамыр мен 19 маусым аралығында Жүсімалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі, Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп гимназиясы мен Ойыл қазақ орта мектебінде жазғы мектеп жұмысы жасады. Сабақтар санитарлық жағдайларды сақтай отырып, штаттық режимде өтті. Ж.Жүсімалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі, Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп гимназиясы мен Ойыл қазақ орта мектебінде оқуға барлық ниет білдірушілер үшін ерікті жүргізіліп, алайда үлгерімі нашар оқушыларға басты назар аударылып қаралды. Оқушыларға үй тапсырмалары берілмеді. Пән мұғалімдері күрделі тақырыптарды қайталауға сабақтарын өткізді. Жазғы мектеп кезеңінде 197 оқушы бір ауысымда оқыды. Сабақтар сағат 9.00-да, басталды, сабақтың ұзақтығы 40 минутты құрады. Оқушылар бағдарламалық материалды пәндер бойынша қайта-

лай алды.Сабаққа дайындық кезінде педагог оқу материалдары мен ресурстарын мұқият таңдап, білім алушылардың оқу пәндері бойынша біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыруға деген қажеттіліктерін ескере отырып, сараланған тапсырмаларды өзірледі. Білім алушылардың танымдық ынтасын арттыру мақсатында қосымша ойын-сауық материалдарын, сараланған оқу тапсырмаларын пайдаланды. Оқу материалының мазмұны оқу процесінде білім алушылардың ойлау процесстерін дамытуға, ойластырылған шешімдер қабылдау, оларды дәлелдеу, ақпаратпен жұмыс істеу, талдау, салыстыру, қорытындылау біліктерін дамытуға бағытталды. Жазғы мектептің оқу процесінде

үлгерімі нашар білім алушыларға педагогикалық қолдау көрсету ұсынылды. Қажет болған жағдайда жеке сараланған тапсырмалар өзірленді. Сыни ойлауды дамытуға, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға, интерактивті оқыту әдістемелерін (жобалар әдісі, пікірталас, ойын, іздеу әдістері) қолданды, таза ауада сабақтарды ұйымдастыруға бағытталған жағдаяттық міндеттерді пайдалану ұсынылды. Сабақ өткізу кезінде педагог-балалардың эмоционалдық көңіл-күйіне назар аударды және оқуға қолдау көрсетті, сабақта білім алушылардың шамадан тыс жүктемесіне жол бермей, қажет болған жағдайда, физикалық жаттығулар жасады. Білім алушылардың сабаққа еркін формада қатысуына жол берілді.

Г.САДАҚБАЕВА,
аудандық білім бөлімінің
бас маманы.



Ойыл 100 Жылы

КӨКТЕМІР

БАТЫР ХАННЫҢ ОРЫС ЖЕРІНЕ ШАБУЫЛЫ КЕЗІНДЕ СУ АСТЫН ПАНАЛАҒАН КИТЕЖДІҢ КӨЗГЕ КӨРІНЕБІТІН СОҒҚЫСЫ ЖАЙЫНДАҒЫ АҢЫЗ БАР ЕДІ ҒОЙ. ОН СЕГІЗІНШІ ҒАСЫРДЫҢ ЖЕТПІСІНШІ ЖЫЛДАРЫНДА ҚОБДА, ОЙЫЛ, ҚИЫЛ БОЙЛАРЫНДА НАҚ ОСЫНАЙ «КӨКТЕМІР ТУРАЛЫ АҢЫЗ» ТАРАДЫ. ЕРЕКШЕ КҮШ-КҮДІРЕТ ИЕСІНІҢ ТӨРТ АЯҒЫ, БҰХАНЫҢ МҮЙІЗІНДЕЙ МҮЙІЗІ БАР, БІРАҚ АДАМША СӨЙЛЕЙДІ, ЕКІ-ҮШ КҮН ЕШКІМ БІЛМЕЙТІН ЖАҚҚА ЖОҒАЛЫП КЕТЕДІ ДЕ, ҚАЙТА ОРАЛҒАНДА ӨРІСТЕН БҰЗАУЫН САҒЫНЫП ҚАЙТҚАН СИЫРЛАРДАЙ МӨНІРЕП ОРАЛАДЫ, ҮЙ ІШІНДЕ ЫЛҒИ КЕЛЕГЕ КЕЛЕР БУРАДАЙ БҰРҚЫРАП ЖҮРЕДІ, БҮКІЛ АРҚАЛЫҒЫ КӨК ТЕМІРДЕН КҮЙЫЛҒАН, СОНДЫҚТАН ХАЛЫҚ ОНЫ «КӨКТЕМІР» ДЕП АТАЙДЫ. КӨКТЕМІР ЕШКІМНІҢ КӨЗІНЕ КӨРІНЕБЕДІ (58.142).



...Төгілген тер мен қан, күйреу мен күйрету, қылышпен де, далалық жед, ақылмен шайқасу... мұның бәрі бірімен-бірі тұтасып жатқан ұшы-қырсыз өлем ғой. Ал он сегізінші ғасырдың екінші жартысында Ойыл даласында да «жерұйықты аңсау» қиял дүниесіндей ғана болып, соның ашу-ызасы іште қайнаған, дауыл алдындағы үрейлі тыныштықтай, қоламтаның оты қайта тұтана қоймаған, Алла тағалам сөтін салғай деп соны аңсаған күндер итшілеп өтіп жатты. Осындай күндерде, осы



аңсаудың көрінісіндей боп «Көктемір туралы аңыз» туып еді, ол қау етіп, жан-жаққа тез жайылды. Өйткені, малын жайып, сөн-салтанын құрып, дербес әмір сүру, бұған жеке би, жеке батырдың қорған болу мүмкіндігінің тарылып бара жатқаны айдан анық еді. Күрестің ауқымы да, әдісі де, тіпті адамдардың мінез-құлқына дейін өзгеріп, ішкі бұлқынысты қанағаттандыру үшін енді бұрынғыға ұқсамайтын, табиғаты мүлдем бөлек бір күдіретті күштің елесі пайда болды. Ол — «Көктемір».

Губернаторлық кеңседен ауылдағы қайдағы бір аңыздық кейіпкерге амалсыз мән беріп, оны тексеру үшін Көктемірдің қосына арнаулы өкіл жіберген, тіпті қозғалысты басу үшін жасақты ескер шығарған Рейнсдорфты, патшаның оқалы шенеунігіне не болған деп ешкім кінәлай алмайды. Өйткені Көктемірдің аңыз аралас есімі күннен-күнге Ресей бекіністерін ауық-ауық шауып кететін, орыс көпестерінің көруендерін тосып тұрып, тонап алатын нақты қарулы да қауіпті жасақты басқарған беймәлім күдіретті күш иесінің есімімен астаса жиі атала бастады. Қобданың бойында екі мың түтінмен көшіп жүретін Көктемірдің өзін ешкім, тіпті губернатордың тапсырмасымен тыңшы болып келген жасауыл Ғұбайдолла Адамов пен Рақымқұл Ыбраев та көре алған жоқ. «Сендер орыс халқын ыңырашағы айналған қайыршы еттіңдер, енді бізді де түгімізді қалдырмай тонап алғыларың көледі. Қылышты қынаптан суырып, Адамов пен Ыбраевтың басын бас, қолың қол етіп шауып тастаңдар, біздің жағдайымызды айтып сайрай алмайтын болсын», — деген темір мен темірдің үйкелісіндей, адам даусына ұқсамайтын үнмен үй ішінде айтылған үрейлі үкім ғана, үкімнің орындалуы үшін ордадан өкелтілгенде саудыраған ақшамен бастарын азыр аршаалап алған көпестердің ұмытылмастай болып құлақтарында кетті. Әбілқайыр ханның төңірегіндегі шақ-шақ Жәнібек, табын Бөкенбай, тама Есет, кете Алтай, Арал, Әжібай сынды батырлар, билер ел тыныш-

тығы үшін Ресей өкімшілігімен бітімгерлік қатынас жасауға ұмтылғанмен, қарсы жақтың екіжүзділік мінезін ешқашан естерінен шығармағаны белгілі. Кіші жүздің басқа өңірлері сияқты Ойыл бойындағылардың да белгілі бір бөлігінің Пугачев көтерілісін қолдап, соған барып қосылғаны да сондықтан. Нұралы хан мен Досалы сұлтанның 1773 жылғы 18 желтоқсанда Е.Пугачевқа оны Ресейдің императоры деп танытындығын мәлімдеп хат жазуы, кейін Нұралы хан екі ұдай саясат ұстанғанмен Досалы сұлтанның көтеріліс басылғаннан соң да бастапқы бетінен айнымағаны, И.Рейнсдорфтың 1774 жылғы 8 шілдеде Сыртқы істер министрлігінің мемлекеттік алқасына жолдаған хатында атап көрсетілгендей, Досалы сұлтанның Ойылға қашып кетіп, сонда «Көктемір туралы аңызды» өз мақсатына шебер пайдалануы, яғни Көктемірдің атынан бүкіл башқұрт халқын патшалық Ресейге қайтадан қарсы көтерілеу шақырған хат таратып, ызыалы топтың шежірелік айналасына топтасуына ұйымдаса ықпал етуі, башқұрттардың

көтерілісіне серіктерімен бірге Арал батырдың да қатысқаны, көтеріліс жеңілгеннен кейін батырдың Ойыл бойына қашып келгені және бар, міне, осындай қым-қиғаш оқиғалар осы өңірдің сол кездегі саяси ахуалынан хабар бергендей.

Көктемір, яғни қыз баланы қылыш-тасудан қаға беріс ұстаған ата дәстүр бойынша «Көктемір» атанған Сапар (бір деректе Сапура деп аталады — С.Б.) Мөтен қызы болса, міне, осы ат құлағында ойнал өскен жауынгер халқымыздың Тұмар, Зарема сияқты ел басқарып, қол бастаған арлуларының қастерлі қасиеттерін қанына сіңірген айбарлы тұлға.

Махамбет сынды дауылпаз ақынның 250 жылдық мерейтойында сөйлеген сөзінде Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев патшалық өктемшіл саясат қазақ жерін аумақтық тұтасқандыққа да, ұлптық тұтастыққа да ада кылға бет алған тұста қол бастаған Сырым, Қаратай, Атақозы, Тіленші, Жоламан, Кенесары, Жанқожа, Есет, Арынғазы, Досан, Байзақтар қатарында Көктемір есімін де бірге атады (59). «Көктемір көтерілісіне» атақты жазушы Ә.Кекілбаевта назар аударды (60). Белгілі ғалым А.Айталы да Ақтабе өлкесінің тарихын тереңдей зерттеген Р.Сариеваның «Арұлар» атты еңбегіне сүйене отырып, «көрініс-бестің көлеңкесі» атанған Сапардың ел қорғаудағы ерлігін өнеге тұта жазды (61). Ал қалагер Ж.Дәуренбеков «Көктемір» атты хикаясында Сапар Мөтенқызын нақ осы кезеңде, яғни 1776 жылғы 29 сәуірде жұмыр жердің екінші бір түкпірінде қол бастап, Орлеанның төбесіне ту тіккен Жанна д'Арке, Францияның Домрери деревнясынан шыққан шаруа қызына тең еді (62.197).

Сапар бастаған көтеріліс ұшындап барып, тез басылды. Лаулап, жануына патша әскері мүмкіндік бермеді. Оның үстіне ер жерден бүрк-бүрк еткен ыза біртұтас кек алу қимылына ұласа қойған жоқты. Алайда, ашу-ыза жалын атып, жел тұрса лап ете түсуге өзир еді. Сырым Датов көтерілісінің алдындағы Ойыл өңіріндегі жағдай осындай болатын.

XV ғасырдағы Сыпыра жырау негізін салып, XIX ғасырдағы Үкі жырау, оның баласы Бекберген, немерелері Жаскелін, Бітеген, Бақы, шеберсі Махмұд жыраулар толықтырған «Қазақтың рулық шежіресінде» Кіші жүз Жанарыстан Сөдірқожа, Нөдірқожа, Бойқожа, Қыдырқожа, Сөдірқожадан Қаракесек, Қаракесектен Байсары, Өлім, Шөмен, Байсарыдан шешесінің аты Кетебіккенің атымен Кете аталып кеткен Тайқожадан тармақталып келіп, соның бір тармағы Аққошқардан Айдар, Әлмебет, Бидияр, Айдардан Малай, Болпаш, Намазғұл тарайды да, Малайдан атақты Шернияз, Болпаштан атақты Әжібай би мен Арал батыр тарайды.

Шернияз Ойыл ауданының Жарыпшыққан бойын мекендеген кете елінен. Арғы атасы Байтілеу ауқатты адам болса да, өз кезі Жарылғас

лап тастауы осының дәлелі.

Бүкіл қазақты, оның ішінде Кіші жүз қазағын дүр сілкіндіріп, соңына соның біразын ерте алған Исатай-Махамбет көтерілісінің Ойыл бойын да толық қамтығаны белгілі. Ы.Шөрековтің «Исатай-Махамбет» дастанында 1838 жылдың наурыз айында Көкжарға келген батыр мен ақынды Қабыл бастаған мың қаралы ойылдық ұрандатып қарсы алады. Дастанында ақын Қабылды:

«Әжібай биден бата алған,
Әлімге Қабыл атанған», — деп суреттейді.

Елінде қысақты көрген Сегіз серінің жанындағы жасағымен Исатай-Махамбетке қосылу үшін Кіші жүзге келгені бар. Бір жағы нағашыларын (Сегіз серінің атасы Шақшақ болған), Шақшақтың шешесі Ақбота Сырым батырдың туған апасы, Дат-

«АРАЙНА, ЖІГІТТЕР, АРАЙНА...»

орташа ғана дәулеті бар, бірақ еті тірі, айналасына сыйлы адам болған. Шернияз өмірдің болмысына бала жастан сергек қарап, дүниәуи қайшылықтарды нәзік жүрепкен сезіне білген. Осындай сөздерде ара-тұра бала Шернияздың тауып айтқан сөздері, аяқ астынан шығарған ұяты шумактары ауылдастарының назарына ілігіп қап жүрген. Шерниязды көзі көрген шежіреші қарттардың бірі Сүйінбекұлы Оразғалидың айтуына қарағанда, ол он жасынан ділмер Шері атанады.

«Талас-тартыс дүниемен өмір өтер, Өнер таппай өткізген кемдік өтер. Жаз айындай жайнаған жастық өтті, Суық күздей сұрланып көрілік жетер», — деген Шерниязды қарт би іліп алып:

«Дұрыс айтқан!
Дұрыс емей немене,
Ауыздан отыз тіс кетті,
Қолдан қайрат күйі кетті.
Көзді мұнар бу алды,
Тамырың бәрі суалды.
Құлақта болды «қақпа»,
Босады тіл мен жақ та.
Арыстандай ақыраған,
Дүнианы судай сапырған
Қалмады қылар қаруым,
Таба алмадым көріліктің дәруын». Шерниязжан, адамға ұзақ жасау мұрат емес. Көрілік ажарыңды алып, базарыңды тарқатады екен. Елепескеріп, келіп сөлем бергеніңе мын да бір рахмет! Алпаның нұры жаусын, қандағым!» — деп бата берген екен. Сондай-ақ, 1823 жылы Ойылға адайдың атақты ақыны, күйші, домбырашы Абыл келеді. Осы сапарында Абыл ел аузына іліге бастаған Шерниязбен де кездесіп, оны қасына ертіп жүреді. Ақындық өнерге баулиды, сапар аяқталғаннан кейін еліне қайтарда Шерниязға ақ батасын беріп қоштасады. Іштей дүние тірлігіне қанағаттанбаған, бойды сезім буып, өлденені іздеп, аласұрған бала Шернияз, өсіресе Абыл кеткеннен кейін рухани жалғыздықтың шерін тарқатқан жайсыз күй кешеді.

Исатай-Махамбет көтерілісі сонау Жайықта бүрк ете түскен, Ойыл, Қиыл, Жем, Сағыз бойына өлі дүмпуі жетіп үлгермеген күндерде пәни еркіндіктің аңсарымен оларды жандүниесімен қолдап, 1836 жылы өзінде тыныш жатқан Ойылдан Бөкей хандығына көтеріліс басшыларын әдейі іздеп барып, қарулы жасаққа қосылуға да осы ішкі ала құйын сезім күйінен болса керек. Көп ұзамай-ақ Исатай мен Махамбеттің жақын серіктерінің біріне айналды.

Шернияздың өмірі мен шығармашылығы бірнеше еңбектерге арқау болды (70). Солардың ішінде, ең алдымен аталатыны 1925 жылы М.Сейітбатталдың авторлығымен, Алыш ақынның нұсқасымен жарық көрген «Шернияз ақын» деген еңбек пен И.Жансүгірұлы Омарбек ақынның нұсқасымен құрастырған «Терме» жинағы.

«Шернияз ақынға» алғы сөз жазған Ә.Бөкейханұлы «Шернияз ақынның өлеңінен XIX ғасырдағы қазақтың мінезі көрінеді», — дейді. Бұл — Кенесары, Сырым бастаған ірі ұлт-азаттық қозғалыстар тізе бүккен, кең даласындағы еркіндіктің қусырылып, қалың қазақ кезекті тығырқыңда тірелген кез еді. Ұстазы Махамбет сияқты «қабағына қарыс сүйем мұз қатқан» дауылпаз ақындың күнде туа бермейді, көк байрағы желбіреп, жау жалпырған күндер қайта айналып келе бермейді. Демек, жоғарыдағы баға турмысы тілін байлаған, оны ырт-бырт үзуге қауқарсыз, жүзі кудай, сөзі удай қазақ ақынына берілген. Алаштың тағы бір көсемі Х.Досмұхамедұлы Шерниязды «Мұрат секілді салынып айтатын ақын болмаған, тапқыр, сөзге шебер, аузынан шыққан сөздің бәрі билік, тапқақ сөзге өте жұйрік шешен... заманындағы Жиренше» дейді. Десе дегендей, оның «үйге кір» деген Баймағамбет сұлтанның:

«Бу Шерің «ө» дегенде аттай салар,
Жүгірсе, жүйрік көзі оттай жанар.
Ордана осы күйде кіріп барсам,
Тепкілеп құйып шығар ханышалар», — деп қанарлы сұлтанды бір тұқырып, үстіндегі ішігін шешіп «мынаны жамылып үйге кір, өзіме қайтып бересің» дегенде:

«Ақ, сұңқар түлгенде тұқ қалады,
Бұл да бір қалған түгім демесеңіз.
Жамылып ішігінді шекем қызбас,
Қайтейін басы бүтін бермесіңіз», — деп сұлтанды «ішікті басы бүтін ал, енді үйге кір», — дегізіп, мүлдем бай-

тың қызы. Батыр Баян мен Сұлтан-махмұттың өкесі Торайғырдың шешелері де Даттың қызы болған) сағалаған сері Қабыл бидің үйіне Исатай-Махамбетке қас Жөңгір ханды қоңақ қылып отырғанда жүз жігітпен тұсады. Содна Жөңгір мен Сегіздің арасында жанжал туып кете ме деген үрейлі сөзге екі жақты да тапқырлығымен тоқтатқан Қабыл ғой бұл (71.41).

Көненің көрікті сөзін көп білетін атыраулық Қапес Ыбыраев ақсақалдың айтуынша, Әжібайдың қартайған шағында Қабыл осы атақты биден бата алып, кейін өзі Мөмбеталыға бата берген. Ал Орынбор Шекералық комиссия төрағасының ерекше тапсырмалар жөніндегі шенеунігі В.М.Лазаревский 1850 жылғы 26 маусымда аталған комиссияның төрағасы М.В.Ладженскийге жазған анықтамасында оны: «Құлназаров Қабыл, атақты би. Кетенің Айдар бөлімі, Әжібай тармағынан. 80 жаста, кезінде сұңғақ бойлы болса керек, қазір еңкіш тартқан. Жазда Ойыл, Қиыл, Үлкен және Кіші Қобда, Елек, Шыңғырлау өңірлерін, қыста Тайсойған құмын жайлайды, кейде Ойыл бойын қыстап қалады. Ауқатты, елге сыйлы», — деп суреттейді де Мөмбеталыны мейлінше сақтықпен, тіпті ішкі қарсылықпен сипаттайды. «Күлекен Мөмбеталы, 44 жаста, төртбақ, шомбал, өте жас көрінеді, сақал да, мұрт та қоймаған, ақ-құба жүзі күлқылып құбылып тұрады, езуінен күлкі бөлінеді. Әлмебет бөлімінен, оның ішінде Құттығай. Жазда Ойыл, Қиыл, Үлкен және Кіші Қобда, Елек және Шыңғырлау өңірлерін жайлайды, қыста Атырау асып, Каспий жағалауында болады, кейде Ойылда қыстап қалады. Ақылды, қабілетсіз емес, бірақ өте жылпос, қу және ештеңеден тайынбайды; кетелері оны жек көреді, сондықтан күлкіге айналдырып жүреді, өйткені ол пайда түсетін жерді ғана көздейді, ойынан шықпаса бұлт ете түсуі оң-оңай, тұрақсыз, сөзінде тұрмайды. Бөліміде ықпалы күшті, бірақ ру, ордада оған ешкім құлақ аспайды. 1847 жылғы кетелерден ер түтін бойынша алым жинаудағы заңсыздықтар туралы іске қатысы бар», — дейді патша шенеунігі. Оның қандай заңсыздық екенін ол ашып айтпайды. Бірақ, ауылдастарының шыншайы азаттығы үшін арпалысқан Тұрлан Асауовтың, Жолбарыс ханның ұрпағы Жиенғазы Сүйеуғазиннің және Ойыл бойындағы басқа да айтулы тұлғалардың нақ осы іске қатысты қудалануынан, сондай-ақ шекаралық Орынбор қазактарының қорғанысы, алқа хатшысы А.Г.Шершеневичтің 1850 жылғы 10 сәуірде Орынбор шекара комиссиясының төрағасы М.В.Ладженскийге жолдаған жазбасында «Тұрлан Асауовтың Тайсойған, Қалдығайты, Жақсыбай бойындағылар ұлықтайтын істері арқылы емес, ерен батырлығы үшін жақсы көреді. Біздің пікірімізбен санаспайды, кездесуден шақпақтап жүреді. Шекаралық комиссия жазбаларында айтылғандай, алым жинауға қарсы күшті ұйымдастырушы, керуендерді қорғаудың орнына оларды қыспаққа алады» (72.167) деуіне қарағанда, бұл өңірде елдік мінездегілер өсіре өктемдіктен қорғану үшін бір сөз те тыным таппағанын көреміз.

В.М.Лазаревский ашып айтпаса да, Мөмбеталы алым ауырталығына қарсы шыққан сияқты. Олай дейтініміз, жоғарыда аталған құжатта В.Л.Лазаревский кете руының Ойыл өңірін жайлаған ықпалды, белгілі жиырма төрт адамның тізімін келтіріп, ерқайсысына жеке-жеке сипаттама береді. Соның алтауы, яғни Мөмбеталы Күлекен, Басығара Танин, Қошмұхаммед Қабаков, Айжарық Бөшенев, Амантай Дәурібаев, Жармұхаммед Дербісалын осы іске қатысты сыналды. Осылардың қай-қайсысы болсын сөз тындатып, артына ел ерте алатын тұлғалар. Мысалы, В.М.Лазаревскийдің айтуынша, Басығара өлім балалары арасында атақты Көтінбарулы Есет батырмен бедел-абыройы тең болған. Хиуадан орыс тұтқындарын қайтарудағы еңбегі үшін күміс медальмен марапатталған, ал Хиуа экспедициясына түіе жинап бергені үшін шекпен киген. Демек, олардың іс-әрекетін күйкі тірлік емес, көсек мақсат-мүдделден туған қимыл деп бағалаған жөн. Кейін Мөмбеталының 1868 жылғы 21 қазанда қабылданып, 1869 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген «Далалық облыстарды басқару туралы Уақытша Ережелер» кейін туындаған толқулардың бірін бастап шығуы осының айғағы. Ол туралы Орал облысының әскери губернаторы Веревкин Орынбор әскери округінің қолбасшысына 1869 жылғы 14 шілдеде жазған №91 хатында былай дейді: «Ожырай-

лардың 1430 үйге жуық іріктелген бөлігі бағынуға тілек білдіріп келе жатқаны туралы қазір ғана мәлімет түсті. Енді тек кетелер ғана қалды, олардың екіге бөлінгені — бір бөлігі жоғарғы Ойылда қалғаны, екінші бөлігі өздерінің басшысы Мөмбеталымен кету мақсатында түпкілікті шешім қабылдап, Сағыз бойымен қозғалып кеткені туралы хабар келді. Егер бұл хабар расталса, Комаровскийге олардың соңынан кууды ұсыну қажет». Комаровский Мөмбеталының соңына түсті ме, жоқ па, белгісіз, ал Қапес ақсақал Мөмбеталының Ауған асып кеткенін айтады.

Шернияз ақынның ауыр тағдыры оның ұрпақтарының да басына түсті. Ақынның немерелері Ғұбайдолла молда мен Қозыбақта Кеңес үкіметінің қуғынынан қорқып, сол Ауғанстанға барып бас сауғалады. Бірақ, онда да

Жатпайды асыл пышақ қап түбінде,
Шықтың ба қабын жарып ырысым-ай?!» — деп құшағамды жайып мойнынан құшақтар едім деуінде қаншалықты өжеттік пен өрлік жатыр. Сондай-ақ:

«Білемін, хан Байеке, нарлығыңды,
Келсе — кең, қайтса — қайтпас тарлығыңды.

Баласын алты алаштың шырқ, иіріп,
Ел билеп жұрт сұраған хандығыңды.

Шеріңе бір тілекті ал деп едің,
Алдың ба өзің қайтып жарлығыңды.

Ханекем, қазым да сен,
Төрем де сен,

Мен байеус саған айтам зарлығымды», — деген жолдар да Шернияз ақынның шамырқана айтқандары. Бірде ақын қанарлы қарсыласына Махамбет екпінмен

тұрақтай алмай, қайтадан туған жеріне оралды. Сонда басынан кешкен ауыр халін кейін Р.Шотаевқа етініш етіп, өз аттарынан өлеңге түсіртті.

Рақымжанның өкесі Шотай Шерниязбен қоныстас, өрі туыс болғандықтан, ақынның шығармаларын жасы білген. Шотай да В.М.Лазаревскийдің назарына іліккен. Ол Ш.Жаңабөвтың сол кезде жиырма жеті жаста, Естек бөлімі, Балтас бөлімшесінен екенін, жазда Ойыл, Қиыл, Үлкен және Кіші Қобда, Елек бойларында, қыста Ойыл жағасында, Төс-ағаш деген жерде отыратынын жазбады. Орта бойлы. тіп-тік те серпінді, ылғи да көңілді жүреді, ширақ қимылдайды, тебінді мұрты мен нақ сондай сақалы атжақты, қараторы жүзіне жарасып тұрады. Мінезі ашық, сөзші, саза отырғызып кететін қулығы да бар деп суреттейді.

Патша шенеунігінің Ойыл өңірінен жиырма төрт адамды бірдей тізімдеп, Орынбор Шекара комиссиясының төрағасына олардың ерқайсысына жеке мінездеме жазып ұсынуына қарағанда, өңірді билеуге мұндай тәсілдің де көмегі аз тимесе керек. Айталық, Тоғаберді Бақанов беделді би. 78 жаста. Мыңғырта мал айдаған бай еді. 1849 жылдың күзі мен 1850 жылдың қысында адайлар бүкіл жылқысын және түйелерінің көбін барымталап кетті. Бес жүздей қойымен және аздаған түйесімен ғана қалды. Өлімбет кетенің ең ықпалды бөлімі де, Тоғаберді өлімбеттің ең ықпалды биі. Жасының ұлғайғанына қарамастан өлі де адал қатыс етеді. Хиуа экспедициясына қатысып, күміс кернеймен марапатталды. Демек, қарт биге, сондай-ақ оның ізбасар ұлы, елу жеті жасар Тұрман Тоғаберді билеу үміт артуға болмай ма?! Әкелі-балалы Байғашыр Төңірберген мен Дарханбай Байғашыровты, Тілеп Байшеркешов пен Құрымбай Айтұовты, Қабыл бидің ұлы Шағанбай Қабылов пен Алға Көбелековті, Орысбай Бараканов пен Базыл Наубетовті, Мырза Терікбаев (Терлікбаев болуы да мүмкін — С.Б.) пен Шақыл Байғұловты, Қосбай Егзеков пен Жаймып Жантерінді, Сарман Санжыбаевты іріктеп алғанда В.М.Лазаревский, өрине, оларды ұшапқа шығарайын деп емес, отарлау саясатын ұстанған өкімшілікке қызмет етудің қам-қарекетімен іріктесе керек. Қалай болғанда да сол кезде олар өңірге ықпал ете алатын белгілі тұлғалар. Осы топтың арасындағы Шотай Жөңгір ханның он екі биінің бірі Жәңабай Арастан тұса, одан туған Рақымжан өкесімен сырлас Шернияз ақынды жеті жасында көрді. «Ғұбайдолла молданың бозбалаға сөзі» атты өлеңдер Рақымжанның «Өмір, өмір, өмір-ай» жинағына енгізілді (73.205-248).

Ойыл даласы, өсіресе, Исатай-Махамбет көтерілісінің соңғы күндерінде ұрыстың басты алаңына айналды. Осы тақырыпты дендеп зерттеген тарихшы ғалым И. Кенжалиевтің деректеріне қарағанда, 1838 жылдың сәуір айында Махамбет ақын Сағыз бен Ойыл арасындағы ысық, тезд руларының ауылдарында болып, елді көтеріліске үндеді. Бұл Ы.Шөрековтің аталған дастанында сол жылғы наурыз айында Қабыл бастаған бір мыңды ойылдықтардың батыр мен ақынды ұрандап қарсы алады деуімен де сөйкес келеді.

Шілде айының басында 2000-3000-дай адам көтеріліп, Ойылдың Ақшат деген жеріне жиналды. Исатай мен Махамбеттің өз қатарын көбейте түсу және Баймағамбет сұлтанның айналасын жалаңаштау үшін жан-жақпен байланысы нәтиже бере бастады. Араға сатқындардың түсуімен, қалың қолын Қайыңды өзенінің Ойылға құяр сағасына қалдырған Исатайдың, 12 шілдеде аз ғана жасағымен қапылыста Қиыл бойында Геке өскерінің шабуылынан қаза табатыны белгілі (74).

Орда бұзар отызында Исатайдың қолына қосылып, Махамбеттің қасына ерген Шернияз ақынға Баймағамбет «Исатай Сібірден келе қалса, алдынан шыққанды не деп амандасар едің?» дегенде ол сол бойда: «Бармысың жауға түскен алтынның-ай, Самалым, саз қонысым, салқының-ай!» Көуірдің қоржынына түсіп едің, Шықтың ба аман-есен жарқыным-ай? Ақ алмас алтын сапты қылышың-ай? Қорың ең алты алаштың тынысың-ай.

айбарлы атылса, енді бірде сол қарсыласын мақтамен бауыздағандай етіп, ыңғайына тартады.

Исатай, Махамбетпен бірге Асау, Жоламан, Есет сынды халық кекшілдерімен қырық қабақ болса да, қайғысы қалың қазақтың жалпы қағы үшін өзі де талай рет басын бөйгеге тіккен, жиырма бес жасында жетіру жұртын, отыз бір жасында Орынбор қазақтарының бүкіл батыс бөлігін билеген Баймағамбет сұлтан бұқараның игілігіне мейіштер мен мектептер аштырып қана қоймай, қара құрылысына да тікелей араласты. 1846 жылы Тұлқарғаннан орыстар Ново-Петровск бекінісін тұрғыздауа құрылыс заттарын жеткізуге, адамдар бөлуге көп көмегін тигізді. Сол еңбегі ескеріліп, 1847 жылғы 27 ақпанда І Николай Баймағамбет Айшуақовты Петербурға шақырып, патша сарайының сөн-салтанаты жағдайында генерал-майор оқасын тақты (74). Ал осы Ново-Петровск бекінісі Форт-Александровск, Форт-Урицкий, Форт-Шевченко деп сан құбыла атанып, XX ғасырдың жиырмашығы жылдарындағы аласапыран кезінде тап сол сияқты Ойыл кенті де Ойыл оязы, Адай (Ойыл) оязы не округі деген атаумен сан өзгергені, өкімшілік орталығы біресе сол Ново-Петровскіге, біресе Ойыл бекінісіне өрлі-берлі сан рет көшкені белгілі.

Көтеріліс жеңілгеннен кейін, Шернияздың Баймағамбеттің қасында болып, сұлтанның қамқорлығына бөленетіні бар. Мұны ақынның өз басын кадрілеу алмауы. Исатай мен Махамбет рухынан алшақтау деп ойлауға болмайды. Мұндай үрдіс тек қазақ топтарында емес, басқа елдердің тәжірибесінде де кездеседі. Дегенмен Баймағамбет сұлтан ақынды қанша бауырына тартса да, Халепшене айтқанда «Исатайға ерген адамдарды ұстап, қырып-жойып жатқан соң Шернияз амалсыздан басын сақтау үшін Баймағамбетке паналады. Бірақ Шернияздың байекені ма

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Ойыл ауданының ауылдық округтері өкімдерінің сайлауын тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 113-1 бабына сәйкес Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ойыл ауданының мынадай ауылдық округтері өкімдерінің сайлауы 2021 жылғы 25 шілдеге тағайындалсын:
 - Көптоғай ауылдық округі өкімінің;
 - Саралжын ауылдық округі өкімінің.
2. Ауылдық округтердің өкіміне кандидаттарды ұсыну 2021 жылғы 26 маусымнан басталып және ұсыну мерзімінің аяқталуы 2021 жылғы 9 шілдеде жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізге дейін болып белгіленсін.
3. Ауылдық округтердің өкіміне кандидаттарды тіркеу мерзімінің аяқталуы 2021 жылғы 14 шілдеде жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізге дейін болып белгіленсін.
4. Осы қаулы аумақтық сайлау комиссиясының интернет-бетінде және аудандық «Ойыл» газетінде жариялансын.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы **Б.Бисекенов**
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы **Б.Бақтыгереев**
Ойыл ауылы
 2021 жылғы 25 маусым
 № 6

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Ойыл ауданының ауылдық округ өкімдерін сайлау жөнінде сайлау округтерін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 6) тармақшасына, 21 бабының 4) тармағына, 22 бабына сәйкес Ойыл аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ойыл ауданының ауылдық округтері өкімдерін сайлау жөнінде мынадай сайлау округтері құрылсын:
